

Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 қарашадағы N 1388 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 903 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі N 903 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы шеңберінде кеден-тариф саясатын жетілдіру және ықпалдастық процестерді дамыту мақсаттарында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы (бұдан әрі - Ведомствоаралық комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Ведомствоаралық комиссияның құрамы;

2) Ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 1 қарашадағы
N 1388 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және Халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ҚҰРАМЫ

Мыңбаев
Сауат Мұхаметбайұлы

- Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының Индустрия
және сауда министрі, төраға

Әйтекенов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Медібайұлы Экономика және бюджеттік
жоспарлау вице-министрі,
төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

Мусина - Қазақстан Республикасының
Лилия Сәкенқызы Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Сахипова - Қазақстан Республикасының Әділет
Нұрғайша министрлігі Санаткерлік меншік
құқықтары жөніндегі комитетінің
төрайымы

Өтебаев - Қазақстан Республикасы
Мүсірәлі Смайылұлы Парламентінің Сенаты Экономика,
қаржы және бюджет жөніндегі
комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Айтжанова - Қазақстан Республикасының Индустрия
Жанар Сейдахметқызы және сауда вице-министрі, хатшы
Белоног - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Анатолий Александрович сақтау вице-министрі - Қазақстан
Республикасының Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері

Лавриненко - Қазақстан Республикасының
Юрий Иванович Көлік және коммуникациялар бірінші
вице-министрі

Оразалинов - Қазақстан Республикасының
Дулат Сұлтанұлы Ақпараттандыру және байланыс
жөніндегі агенттігі төрағасының
орынбасары

Ізмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Энергетика
Бақтықожа Салахатдинұлы және минералдық ресурстар бірінші
вице-министрі

Өзбеков - Қазақстан Республикасының Қаржы
Ғани Нұрмаханбетұлы вице-министрі

Ашитов - Қазақстан Республикасының Еңбек
Батыржан Зайырқанұлы және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі

- Досмұқаметов
Қанат Мұхаметкәрімұлы
(келісім бойынша)
Тортаев
Бауыржан Қадырұлы
орынбасары
Айманбетова
Гүлбану Зарлыққызы
(келісім бойынша)
Сағадиев
Кенжеғали Әбенұлы
төрағасы (келісім бойынша)
Жоламан
Рүстем Қабидоллаұлы
бірінші вице-министрі
Гамарник
Геннадий Николаевич
министрі
Шпекбаев
Алик Жатқамбайұлы
істер вице-министрі
Абайділдін
Талғатбек Жәмшитұлы
министрі
Бекбосынов
Сабыржан Мәдиұлы
Әділет вице-министрі
Жошыбаев
Рәпіл Сейітханұлы
істер министрінің орынбасары
Алдабергенов
Нұрлан Шәдібекұлы
орынбасары
Мәмбетәлин
Әлихан Есенғосұлы
орынбасары
- Қазақстан Республикасының Қаржы
рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу
және қадағалау жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары
- Қазақстан Республикасының Статистика
жөніндегі агенттігі төрағасының
орынбасары
- Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі төрағасының орынбасары
- Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі Қаржы
және бюджет комитетінің
төрағасы (келісім бойынша)
- Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және спорт
бірінші вице-министрі
- Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым бірінші вице-
министрі
- Қазақстан Республикасының Ішкі
істер вице-министрі
- Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау вице-
министрі
- Қазақстан Республикасының
Әділет вице-министрі
- Қазақстан Республикасы Сыртқы
істер министрінің орынбасары
- Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының бірінші
орынбасары
- Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Кедендік бақылау
комитеті төрағасының орынбасары

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.04.23. N 462 , 2002.10.11. N 1115 , 2003.06.02. N 506 , 2003.11.10. N 1120 , 2004.07.02. N 733 , 2005.06.13. N 585 қаулыларымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 1 қарашадағы
N 1388 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссияның мақсаты кеден баждарының қолданыстағы ставкаларының мөлшерін белгілеу, күшін жою немесе өзгерту жөніндегі ұсыныстарды қоса алғанда, кеден-тариф саясаты және Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық ұйымдар алдындағы міндеттемелерін орындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ олардың халықаралық экономикалық ұйымдардың қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстар тетігіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына қажетті өзгерістер мен нақтылаулар енгізу туралы іс-шаралар әзірлеу және ұсыныстар дайындау болып табылады.

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

республиканың экономикалық мүдделерін негізге ала отырып және Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісім, Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шарт , Еуразия экономикалық қоғамдастығын (бұдан әрі - ЕурАзЭК) құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шарт , Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге арналған Экономикалық саясат меморандумы шеңберінде Қазақстанның

кабылдаған халықаралық міндеттемелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының кеден-тариф саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Қазақстан Республикасының кеден тарифтері жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде іс-шаралар әзірлеу және ұсыныстар дайындау;

ЕурАзЭҚ шеңберінде екі жақты және көп жақты келіссөздерде кеден-тариф мәселелері жөнінде Қазақстанның келісілген ұстанымын дайындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ), сондай-ақ оның екі жақты және көп жақты сауда келіссөздері барысында жасалатын жекелеген келісімдерге қосылуының шарттары мен кезеңдерін қоса алғанда, экономикалық саясаттың нақты мәселелері бойынша ДСҰ-ға кіру процесінде Қазақстанның келіссөз ұстанымы жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

кеден-тариф саясаты мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдарды халықаралық экономикалық ұйымдар қызметінің негізгі бағыттары, симпозиумдар, конференциялар ұйымдастыру және өткізу, жарияланымдар дайындау және ықпалдастық процестерін дамыту бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар дайындау;

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттермен өзара сауда шарттарын реттеу, ЕурАзЭҚ шеңберіндегі ұлттық заңнаманы үйлесімді ету мәселелері бойынша ЕурАзЭҚ органдарының шарттары мен шешімдерінің жобаларын келісу жөнінде ұсыныстар енгізу болып табылады.

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Құқықтары

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде өз құзыреті шеңберінде:

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне республиканың кеден-тариф саясаты және оның халықаралық ұйымдарға қатысуы жөнінде ұсыныстар енгізуге;

заңнамамен белгіленген тәртіппен министрліктерден, ведомстволардан, кәсіпорындардан және ұйымдардан Комиссияның құзыретіне кіретін ақпаратты сұратуға және алуға;

Қазақстанның халықаралық ұйымдар қызметіне қатысуымен байланысты мәселелерді шешу жөніндегі проблемаларды талдауға және ұсыныстар әзірлеуге

ғылыми мекемелерді, сондай-ақ отандық және шетелдік сарапшыларды тартуға құқылы.

3. Қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияның органдары: Комиссияның жұмыс органы, Комиссия төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары, Комиссия хатшысы болып табылады.

7. Комиссияға төраға басшылық жасайды, ол Комиссия жұмысына жетекшілік етеді, мәжілістерінде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызметке жауапкершілік алады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары атқарады.

8. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.11. N 1115 қаулысымен .

9. Комиссия хатшысы Комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және отырыстар өткізілгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.06.13. N 585 қаулысымен .

10. Комиссия мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

11. Комиссия төрағасы Комиссияның қарауына ұсынылған материалдардың негізінде Комиссияның жоспардан тыс мәжілістерін шақырады.

12. Егер Комиссия мәжілісіне оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып саналады. Комиссия мүшелері мәжілістерге алмастыру құқығынсыз қатысады.

13. Комиссия мәжілістері ашық болып табылады. Төрағаның шешімі бойынша жабық мәжілістер өткізілуі мүмкін.

14. Комиссия шешімдері ашық дауыспен қабылданады және оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданған болып саналады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіру құқығы бар, ол білдірген жағдайда, жазбаша түрде берілуі және хаттамаға тіркелуі тиіс.

15. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерімен келісім бойынша мәжілістердің күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орнын және уақытын айқындайды және нақтылайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 1 қарашадағы
N 1388 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған кейбір шешімдерінің ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 211 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 8, 58-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 211 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 910 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 33, 296-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 211 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 сәуірдегі N 453 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 14, 138-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 211 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 2015 қаулысы .

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 211 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 35 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 1-2, 10-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 211 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 сәуірдегі N 520 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 14, 183-құжат).

7. "Кеден одағы негізінде Халықаралық экономикалық ұйым қалыптастыру жөніндегі жарғылық құжаттардың жобаларына ұсыныстар дайындау үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2000 жылғы 26 шілдедегі N 106 өкімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК